Қолданылған әдебиет тізімі

1. Баймаханов Б. Егемен казакстан. 06.04.2009. Діни білім – тәрбие бастауы http://dinislam.kz/news.
2. Серік Пірәлиев. Ұлттық тәрбие және жаһандану, 2009 жыл http://www.atazholy.kz/index.
3. Дәулетбек Раев. Қазақ шешендігі философиясы, Алматы: Қарасай, 2011 жыл
4. Жақан Молдабеков, сұхбаттасқан Тоты Серікбайқызы , 16 тамыз 2011 жыл, қазақтың жаңа бейнесін қалыптастыру қажет, http://www.qazaquni.kz/8270.html
5. Бижомарт Қапалбековпен сұхбаттасқан Н. Жеңіс «Айкын» газеті, 2011-жыл. 14 маусым http://www.aikyn.kz/

Жаримбетова Р. Н.
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
ХҚ факультеті, магистр

ЖАС ҰРПАҚТЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АТА–АНА МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ РОЛІ

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

– жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

– олардың санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

– ана тілі мен діннің, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани – мәдени мұраларды қастерлеу;

– жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз [1].

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, карттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашкари, Асанқайғы, т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Сондай-ақ қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі – ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен имандылықта болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім»,«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген.

Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше құрметті ата-аналар, ұстаздар жас ұрпаққа білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық рухты қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан» демекші, мектеп оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қазақ отбасының осындай өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болды [2].

Елімізде тәрбие беру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) маңызы ерекше. Жаңа қазақстандық қоғамда теледидар мен радионы еркін пайдалануға мүмкіндік мол.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

«Басында ми бар болса, бетінде ары», – деп Шәкәрім ақын жырлағандай, біздің жастарымыздың өз өмірлерін бос өткізбей, білімге жұмсауды, артында өшпейтін із қалдырып, мәнді де, сәнді де бақытты өмір сүруге ұмтылуына көмектесуіміз керек. Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттых рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз [3].

Ғұлама әл-Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе ақыл айту,ең қиыны өзіңді өзің түсіну» десе, К. Маркс «Өзіңді өзің тану даналықтың бірінші белгісі» деп ескертеді. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі, ішсем, жесем,

ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі, білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі «жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жәйт. Мұны мұғалім де, ата-ана да әсте естен шығармағандары жөн.

Ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры. Әрбір ұлттың болашағы, оның білімі де іскер, талантты да мәдениетті, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтарының қолында. Адам тәрбиесі – үдемелі қозғалыспен жүріп отыратын мәңгілік үрдіс. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттердің сіңісуі, өнер – білімді игеру тәрбиеге, салауатты өмірге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қуар», деп ұлағатты ұстаздың еңбегінің текке кетпейтінін өсиет еткен. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесілімділік заңы салтанат құруы шарт, яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де, қоршаған ортасы – табиғатпен де өзара үйлесім таба білуі тиіс [4].

Тәрбиенің кілті – отбасына, өмір-тіршілігіне тікелей байланысты. Отбасы – адам баласының өсіп-өнетін, қаз тұрып, қанат қағатын ұясы, отаншылдық рухтың алтын бесігі. Отбасы – бала тұлғасының әлеуметтенуінің алғашқы институты да болып табылады. Қоғамның рухани өсуі мен дамуы, баюы сөзсіз бүгінгі мектептің қызметіне, ондағы тәрбие үрдісінің сапасы мен отбасының моральдық-этикалық мүмкіндігіне тікелей байланысты. Ал тәуелсіз қазақ халқына өз ұрпағын саналы азамат етіп тәрбиелеуде отбасының атқаратын рөлі өте зор. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы отбасынан кейінгі әлеуметтік институт, мектеп екені бәрімізге де белгілі. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі жетістіктердің жемісі осы екі институттың бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесі. Отбасы мен мектеп – бір-бірінен бөлінбейтін одақтас, тәрбиенің екі алып күші. Білім алу – бала үшін де, ата-ана үшін де күрделі сын.

Атақты педагог Сухомлинский «бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік маңызы зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», деп атапкөрсеткен.

Баланың өнегелі, тәрбиелі, денсаулығы мықты болуының негізі отбасына байланысты десек те, мектеп ең үлкен отбасы болып саналады, себебі, балалардың балалық шағының көп бөлігі мектеп қабырғасында өтеді. Егеменді елімізде ұлттық тәрбиені жандандырып, салт-дәстүрімізді сақтап, өмірдің озығын пайдаланып, жастарымызды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, салауатты өмірге, табиғатымызды аялауға тәрбиелеуіміз қажет. Бұл іске өз үлестерін қосу барша мектеп ұстаздарымен бірге, ата-аналардың да міндеті деп білеміз. Мектеп қоғам мен отбасының өзара тәрбиелік іс-қимылын үйлестіруші қоғамдық институт болып табылады [5].

Рухани – адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына,

айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз [6].

Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» – десе, Жан Жак Руссо «Бала туғанда – ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді», деген екен. Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі оның өз ата – анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл – ойы, сана – сезімі, одан кейін педагогтың білімі, адамгершілігі әсер етпек.

Бала ата – ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңгісі. Жас ұрпақты жан – жақты жетілген, ақыл – парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Халықтық педагогикадағы ұрпақ тәрбиесіне келетін болсақ: бұрын қазақ халқының әрбір отбасы өзінің ұрпағын ақылды, ержүрек, жарамды етіп тәрбиелеуді жеке басының жұмысы деп қарамай, ұлтының, Отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған. Сондықтан әрбір ата-ана баласын ар-намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүюге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған. Үміттi ұрпақ деп қараған баланы баулып тәрбиелеуге бір ауыл, бір рулы ел ғана емес, тіпті бір тайпалық ел ақсақалдары мен атқа мінерлері, көсемдері мен шешендері тегіс көңіл бөлетін болған. Оны ата-бабаларымыз қоғамдық орта тәрбиесімен қандай шеберлікпен ұштастырған. Адам болу үшін – ақ жолға бастайтын жеті жетекшісі бар, ал қызға қырық үйден тыю болған [7].

Осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі жас ұрпақтың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді, адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда ата-анамен педагогиканың маңызы өте зор.

Сонымен, ата-ана тәрбиесін көрген, адамгершілік – рухани құндылықтарға бай жас ұрпақ тәрбиелеу үшін төмендегілерді атап өтуге болады:

Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.

Отанды, халкын, жерін, елін сүйетін, «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.

Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» мағынасында.

Жеті атасын білуге тәрбиелеу, яғни «Жеті атасын білмеген жетесіз»

Отбасы шежіресі және мұрагерлік, туыстық қарым-қатынасты сақтай білетін, ата-баба дәстүрін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу.

Осындай ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеп, ой–өрісін мен мәдениетін дамытып, рухани құндылықтарын қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық ағайын.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Б. И. Иманбекова «Тәрбиеге жетекші», Алматы, 2004.
2. С. Әбішқызы, Ж. Сарманов «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние», Алматы, 2008.
3. С. Әбішқызы, Ж. Сарманов «БАҚ және Ұлттық тәрбие», Алматы, 2004
4. http://sc0021.burabay.akmoedu.kz
5. http://www.egemen.kz
6. http://www.petropavl.kz
7. infust.kz/2011/09/avtorlyq-bagdarlama/